

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ротацияға жататын басшылық лауазымдардың тізбесін және оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 966 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 224 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 15040 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 18 наурыздағы № 200 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2025 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ротацияға жататын басшылық лауазымдардың тізбесін және оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 966 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12558 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ротациялауға жататын басшы лауазымдарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаменті (А.Ү. Әбдіғалиев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне

орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-лейтенанты М.Ғ. Демеуовке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаментіне (А.Ү. Әбдіғалиев) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2017 жылғы 28 наурыздағы
№ 224 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 26 қарашадағы
№ 966 бұйрығына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ротациялауға жататын басшы лауазымдарының
ТІЗБЕСІ Ішкі істер министрлігі бойынша**

өңірлік әскери-тергеу басқармасының бастығы;

Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ішкі істер департаменттері бойынша

департамент бастығы;

департамент бастығының бірінші орынбасары;

департамент бастығының орынбасары;

қалалық, аудандық, желілік ішкі істер басқармасының (бөлімінің) бастығы;

өзіндік қауіпсіздік басқармасының бастығы;

Астана, Алматы қалаларының, облыстардың Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттері бойынша

департамент бастығы;

Астана, Алматы қалаларының, облыстардың төтенше жағдайлар департаменттері бойынша

департамент бастығы;

Оқу орындары бойынша

ПМ Академиясының бастығы;

оқу орталығының бастығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК